



САНСЫЗБАЙ МАДИЕВ 60



ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ КАНДИДАТЫ, ДОЦЕНТ
САНСЫЗБАЙ МАДИЕВТИҢ 60 ЖАСҚА
ТОЛУЫНА ОРАЙ ӨТЕТІН

**«ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫ АЯСЫНДАҒЫ БАСПА ІСІ:
РЕДАКЦИЯЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

атты

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ

ЖИНАҒЫ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЖУРНАЛИСТИКА ФАКУЛЬТЕТІ
БАСПАҒЕРЛІК-РЕДАКТОРЛЫҚ ЖӘНЕ ДИЗАЙНЕРЛІК ӨНЕР
КАФЕДРАСЫ

Филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Сансызбай Мадиевтің

60 жас мерейтойына арналған

**«Тұрақты даму мақсаттары аясындағы баспа ісі: редакциялаудың және дизайнның
өзекті мәселелері»**

атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Алматы
«Қазақ университеті»
2025

Жалпы редакциясын басқарған:
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Қанат Әуесбай

Ғылыми редактор:
Филология ғылымдарының докторы, профессор
Айгүл Рамазан

Құрастырған әрі жауапты редакторлар:
Философия ғылымдарының кандидаты
Болатбек Төлепберген
Аға оқытушы
Назерке Дәлелханқызы

Корректор:
Анархан Қалибекқызы

Беттеуші:
Махаббат Әлмұхаметова

Журналист, ұстаз, ғалым Сансызбай Мадиевтің 60 жасқа толуына арналған «Тұрақты даму мақсаттары аясындағы баспа ісі: редакциялаудың және дизайнның өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: «Қазақ университеті», 2025 жыл. -167 б.

Бұл жинаққа журналист, ұстаз, ғалым Сансызбай Мадиевтің 60 жасқа толуына арналған «Тұрақты даму мақсаттары аясындағы баспа ісі: редакциялаудың және дизайнның өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары топтастырылған.

**Ибрайымов Алмабек,
Журналистика факультетінің докторанты,
К. Камзин,
ф.ғ.д., профессор**

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ (ЖИ) ЖӘНЕ ЖАЛҒАН АҚПАРАТ: ОНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Қазіргі таңда ғылымда жасанды интеллект деген терминнің енгелі біраз уақыт болды десек қателеспейміз. Себебі, қазіргі таңда әлем көз тіккен, адам ойымен сабақтас болып келетін, жарысқа түскен бұл технологияның тарихына тоқтала кеткеніміз дұрыс болар. Алғаш рет жасанды интеллект деген термин 1956 жылы Дартмут университетінің конференциясына айтылып, артынша оның әр түрлі шешімдерді шығаруға бағытталған болатын [1]. Қазіргі уақытта жасанды интеллект көптеген салаларда атап айтқанда, шығармашылық бағыттарда да ерекше көзге түсе бастады десек артық айтқандық емес [2, 147]. Бүгінгі күні журналистикатану секілді шығармашылық бағыттарды қамтитын әртүрлі салада оның жекелей қабілеттері мен шығармашылық мүмкіндіктеріне жаңаша серпін беріп, оның ары қарай дамуына өз үлесін қосуда.

Нельсонның пікіріне сай, жасанды интеллект – жалпы түсіндірме түріне сай болғанымен де, кей уақыттарда оны интеллектіге ме, әлде оның қызметіне байланыстыратынын ажырата алмай келеді. Қазіргі уақытта ЖИ-дің атқарып отырған жұмыстарының қатарында: қабылдау, әңгімелеу, оқыту, пікір білдіру секілді бірнеше қызметті қатар атқара алады [3, 274].

Осылайша оның ғылыми ерекшеліктерінің арқасында оның қызметі артып, масс медиада да жасанды интеллект – компьютерлік қызметтердің алгоритмдерінің өзгеруі, оның техникалық ақпараттарды және шығармашылық мүмкіндіктерді қатар алып жүретін кезге жетті. Мысалы, компьютерлік қызмет пен техникалық ерекшеліктеріне қарастыратын болсақ, жасанды интеллекттің үлкен деректерге талдау және өңдеу, жалған деректерді анықтау, ақпараттарды тақырыптары не мазмұны бойынша жинақтау мүмкіндіктерін жылдам атқаруға күш салады. Ал шығармашылық мүмкіндіктердің қатарында мәтін жазу немесе өнер туындыларын анализдеу секілді қызметтерді атқара алады десек қателеспейміз.

Жалпы алғанда қазіргі таңда жасанды интеллекттің журналистикатану саласына төндіретін қауіпі өте көп деген пікірді жиі естиміз. Дегенмен де шет елдегі журналистиканың қарқынды дамуына ЖИ-дің көмегімен де қатар дамып жатқанын айта кеткеніміз жөн. Себебі, қазіргі таңда журналистерге деректерді өңдеу мен таңдауда, деректердің алғашқы дереккөздерін табуға көмектеседі. Бірақ та қазіргі таңда журналистика саласының мамандарының қорқынышы – кей адамдарды жұмыссыз қалдыруға мүмкіндік беруі мүмкін. Себебі, ғалымдардың зерттеуіне сай, жасанды интеллект сала мамандарының 20%-ға жуығын жұмыссыз қалдыруы да мүмкін. Атап айтқанда, деректерді тексеру мен оларды жинауда журналистердің көп уақыты кететінін, деректерді тексеруге, олардың нақты қорытындысын жасауға сторителлингпен айналысатын сала мамандары үшін қиындық туғызары анық. Сол себептен де журналистикада жұмыс істеп, нан тауып отырған қызметкерлер үшін бұл айтарлықтай қауіпті екені рас [4].

Ник Ньюман жасанды интеллектіні журналистикада қолдануға төмендегідей түрлерге бөліп қарастырған:

- Контентті саралап, оның аудиторияға бейімдеу;
- Тарих және видео өнімдерді автоматизациялау;

- Журналистерге үлкен ақпаратты жүктеуде көмектесетін инструменттермен жұмыс істеуді оңтайландыру [5, 33].

Бүгінгі таңда әлемдік БАҚ-тың ірі өкілдері Associated Press, The New York Times, The Guardian, Forbes, Los Angeles Times, BBC секілді басылымдарды айта аламыз [6, 16]. Аталған басылымдар жасанды интеллектіні өте жақсы кейстер арқылы қызмет атқарып келеді. Әрине, бұл бір жағынан өте жақсы деуге болады. Себебі, медиа контентті өндіруде жасанды интеллектіні қолдану практикалық кей жұмыстардың оңай болуға септігін тигізеді. Дегенмен де, таяқтың екі ұшы бар секілді кей уақыттарда жасанды интеллект деректерді беруге ақпаратты бұрмалауда, дезинформация жасауға көбірек мүмкіндік беруі де ғажап емес. Себебі, жасанды интеллект өзіне берілген ақпараттарды саралауда белгілі бір программалау тілі арқылы жүзеге асырылады. Дайындалған контенттің негізінде ақпаратты беруде робот журналистикасының дамуына, өзінің қаржылық және табиғи апаттарды, спорт жарыстарын болжауға, криминалистикалық ақпараттарды зерделеуге бағытталған ақпаратты дайындауы мүмкін. Дегенмен де, ақпарат беруде олардың дайындаған анализдері нақты көрсеткіш ретінде қарастыра аламыз ба, белгісіз. Осы алгоритмдердің қабілеті деректердің анализін жасауға ақпараттардың барлығы да, деректердің статистикасы мен оның ақпарат басындағы дайджестке байланысты болады.

Сонымен қатар 2027 жылы робот журналистердің ақпарат дайындау көрсеткіші 90% құрап, нақты сандық репортерлердің қызметін қатар атқарады [7].

Зерттеушілердің пікірне сай, жақын уақытта журналистер үшін жаза алмайтын нәзік тақырыптарды кей уақыттарда жасанды интеллекті көмегімен жүзеге асыра алатынын көрсетеді. Осының барлығын қарастыратын болсақ, болашақта журналистердің өзі де ЖИ үшін инженер-технологтар секілді шығармашылық сала бойынша қарқынды дамытуға үлес қоса алады [8].

Қазіргі уақытта ғаламтордың дамуына байланысты жалпы жаңа медианың даму мүмкіндіктері мен оның алгоритмі ЖИ негізінде басшылыққа алады. Мысалы, салалық басылымдарда ақпараттардың пайда болуы, оны дайындау мүмкіндіктері негізінде ақпаратты жариялауда дисктейлермен жариялауға көптеп иек арта бастады.

Жасанды интеллекттің алгоритмді беруде көптеген платформалардың басшылыққа алатыны рас. Дегенмен де, жалған ақпараттың басым болуы, оның анықтау мүмкіндігінің жыл өткен сайын қиындай беруі де ерекше назар аудартатыны рас. Себебі, қазіргі таңда жасанды интеллектінің көмегімен дипфейктердің көптеп жасалуы, оның анықтаушы құралдардың кейбірі мүлдем жаңартылмағаны немесе замана көші мен техникалық мүмкіндіктерінің азаюы секілді бірнеше қабілеттерді қарастыра аламыз.

Шетелдегі журналистиканың өкілдері ақпарат беруде жасанды интеллектіні жақсы игеріп, артынша жеке платформа негізінде дайындап, оның басқа да жұмыстары негізінде жүзеге асырды [9]. Осының негізінде журналистиканың ішінде «контекстке негізделген журналистика» деген ұғымның пайда болуына жақсы мүмкіндік берді десек болады. Жалпы алғанда ақпараттың таратылуы мен оның ауқымының көбеюі басқа да ерекшеліктері бойынша топтастыруға мүмкіндік береді. Бұл әрине бір жағынан өте ұтымды болғанымен де, жоғарыда атап өткеніміздей жалған ақпаратқа байланысты идентификатордың қаншалықты дәрежеде толық игеретінін анықтап, көрсету мүмкін емес.

Ғалым А.Д.Ивановтың ақпаратты таратудағы ерекшеліктері мен оның қиындықтарына байланысты қандай қызметтерді жүзеге асыратыны туралы сөз болған. Ғалымның зерттеуіне сай, оның жекелей ақпарат таратуда шетелдік тәжірибеде көрсеткендей, олар ақпаратты таратуда көбіне алгоритмдерді қолдануда өте жақсы жүзеге асыратынын, әрі жасанды интеллектіні қолдана отырып, шаблон негізінде жүзеге асыратынын, осылайша нақты тапсырма мен ережелерге бағытталғанын көре аламыз [10, 36].

Қазіргі таңда жаңа медианың дамуы көптеген дереккөздің пайда болуына немесе оның ары қарай дамуына, санының өсуіне алып келетіні анық. Одан қала берді әлеуметтік желілердің де ақпарат тарату мүмкіндігі тек журналистер ғана емес, сонымен қатар кез келген әлеуметтік медианы пайдаланушылардың барлығы да өздері контент өндіруі де

жалған ақпарат тарату мүмкіндігінің артуы немесе сол секілді жағдаяттардың пайда болуына алып келеді. Қазіргі уақытта әлеуметтік желідегі таралған ақпараттарды фактчекерлер тексеріп, оларды сұрыптауда да бастаған болатын осы орайда жасанды интеллектіні өздеріне ұтымды пайдалану мүмкіндігінің артуына, ЖИ ақпарат таратудың өзіндік алгоритм негізінде басқаруды көздеп отырғандары да баршылық деп айтсақ қателеспейміз.

Жаңа ғасыр басталғаны технологияның қарқындап дамуы өте жақсы белең алғанымен де оның нақты оқырмандардың жасанды интеллектімен жасалғанын немесе жасалмағанын ажырату да қиынға соғып бара жатқанын айта кетуіміз керек. Себебі, қазіргі уақытта ғаламторды пайдаланушылардың медиа және ақпараттық сауатының қай дәрежеде екенін анықтау мүмкін емес. Себебі, әлеуметтік желіні еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейін өте жақсы пайдаланып, жеке контентін өндіріп қана қоймай, жеке портфолиосын да жасақтап алатындар көбейді деп нық сеніммен айта аламыз. Бұл деректі растау үшін ғалымдардың берген зерттеу нәтижесіне де назар аудартуға тура келеді. Себебі қазіргі таңда қарапайым өмірде 95%-дан астам адамдар көптеген ЖИ қолданылған алгоритмдерді кездестіреді. Қарайым ғана жұмысқа әлеуметтік желіде дайындалған контенттің сапасы мен оның қай алгоритм негізінде жүзеге асыратынын көрсетеді. Әрі кейбір оқырмандар аталмыш деректерді беруде және таратуда жасанды интеллектінің негізінде жүзеге асыра алатынын, қандай айла-шарғыларды қолданғанын көре аламыз. Осылайша ақпарат сапасын бақылау мен бағалаудың нақты индекстарын көрсетуге мүмкіндік береді.

Өзірге ғаламтордағы не әлеуметтік желідегі ақпараттарда жасанды интеллектіні қолданудың саны азайып келе жатқанын айта кетуіміз керек. Себебі, көптеген ғаламтор қолданушылары осы пікірді алға тартатыны да жасырын емес. Өйткені, елімізде жасанды интеллектімен жұмыс істейтін не контент өндіретін адамдардың саны өте аз екенін көре аламыз. Одан бөлек, месенджерде тараған жалған ақпараттың нақты саны мен сапасын әлі қалыптастырып үлгермеген контент үшін, оқырмандар не көрермендерден ақпараттық сауаттың жоғары болуы талап етілетіні де рас. Әрі кей уақытта жалған ақпараттар мен дезинформациялар кей уақыттарда жеке тұлғалардың қауіпсіздігі мен жеке шекарасын бұзуы да мүмкін.

Бүгінгі таңда көптеген технократтар ақпаратты бағдарламалау немесе роботтармен жұмыс істеу тек өздеріне ғана емес, сонымен бірге шығармашылық, білім беру, руханият секілді көптеген саламен байланысты екенін көре аламыз. Бұл болашақта кейбір мамандықтар мен мамандардың санының азаюына, олардың заман ағымына қарай өзгеруіне мүмкіндік беруі де ғажап емес. Әрі Еуропа, Америка секілді ғылыми-техникалық жабдығы толық мемлекеттерде жасанды интеллектінің компьютерлік ғылымдар, экономика секілді бірнеше салалармен байланысын зерделеу отырып, оның нақты қандай нәтижеге жете алатынын көрсетуге бағытталған оқу бағдарламалары мен курстарды дайындап келеді.

Ал жасанды интеллект мәселесін медиа мәтін немесе журналистика негізінде жүзеге асырылмаса, олардың басым бөлігі аудиторияның нақты қай базамен немесе қандай алгоритмдерімен жұмыс істейтінін анықтау мәселесі өте қиынға соғып жатқанын да айта кетуіміз керек. Себебі, аталмыш мәселенің барлығы да ойдан шығарылмаған. Әрі ЖИ интернет журналистикасы немесе сандық (цифрлық) журналистикамен байланыстыру өте жақсы даму қарқынын көрсетуі де мүмкін. Дегенмен де жоғарыда атап өткеніміздей таяқтың екі ұшы бар секілді. Нақты деректерді беру мен оқиғаны баяндау секілді қызметтерге келгенде жасанды интеллектінің ол шаблондармен қалай жұмыс істейтінін көруімізге болады. Мысалы, кей уақыттарда шығармашылық көзқарасты немесе сол секілді жеке пікірді беруде біз жасанды интеллектіні қолдана алмаймыз. Өйткені журналистиканың өзегі шығармашылыққа негізделгенін де естен шығармауымыз керек. Дегенмен кей уақыттарда журналистердің этика мәселесіне келгенде ерекше назар аударатын жағдаяттардың болатынын да ескеруіміз керек.

Әрі ғаламторды пайдаланушылардың басым бөлігі ақпаратты тек сіңіріп алғанымен, оны ары қарай тексеру немесе тыңдаған не көрген ақпаратқа күмәнмен қарау мүмкіндігінің жоқ екенін де айта аламыз. Осылайша ақпаратты тұтынушы адамдар тек ақпаратты

сіңіргенімен нақты шешімнің қандай болатынын, нендей ерекшеліктерді басшылыққа алуы керек екенін көп ойлай бермейтінін де айта кетуіміз керек. Дегенмен кей оқырмандар журналистердің айтқанына толық сенуі мүмкін. Осы орайда айта кететін бір мәселе – кей уақыттарда журналистер де білместікпен жалған ақпарат таратуы бек мүмкін екенін естен шығарып алатын кездері де болады.

Аталмыш тақырыпқа қатысты зерттеуші ғалымдардың жасанды интеллектіні зерттеу қорытындысы көбіне журналистерге немесе ақпаратты қабылдаушы топқа байланыстырылатындығын көрсетеді. Өйткені жасанды интеллекті нақты шешімді немесе эмоциялық қажеттіліктерін ақпаратты қабылдаушы топқа бағыттап алмауы мүмкін. Сондықтан да журналистердің өміріне ЖИ дендеп енсе де, олар бәрібір де жұмыссыз қалмасы анық. Одан бөлек зерттеу журналистикасы, фактчекинг, ашық деректің нақты табылуы секілді мәселелерге келгенде де ЖИ анықтай алмайтын кейбір сұрақтарды журналистер ғана анықтау мүмкін. Сол себептен де оның нақты көрінісі мен нәтижесі журналистерге байланыстырылатыны рас.

Жоғарыда тілге тиек еткендей оқырмандар не көрермендер текстті қабылдап, одан ой қорытқанымен де кейде ақпаратты жазушы журналисттің нақты аты-жөнін немесе оның өзге де материалдарымен нақты таныс болуы мүмкін. Сол себептен де журналистердің қоғам орынындағы орынын, жалған ақпаратпен күресуде оның орыны төмендемей, бәсі биік болып оқырман тарапынан жоғары бағаға ие болары анық деп санаймыз.

Қорыта келгенде, жасанды интеллект бұл заман ағымының бір көрінісі. Нақты шешімдер мен журналистік көзқарастан ары асып кете алмасы анық. Өйткені, заман талабына ілесіп, өзінің болмысын сақтап қалу журналистика тарихында бір емес, бірнеше рет болғанын да атап көрсеткіміз келеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Cartney J. Artificial Intelligence? // John McCarthy website. URL: <http://jmc.stanford.edu/artificial-intelligence/index.html>(қарау күні: 30.01.2025).
2. Толковый словарь по искусственному интеллекту. М. : Радио и связь, 1992. 256 с.
3. Isson J. Artificial Intelligence: A New Synthesis. Burlington, Massachusetts, Morgan Kaufmann Publishers, 1998. 513 p.
4. Marconi F., Siegman A. The Future of Augmented Journalism: A guide for newsrooms in the age of smart machines // JournalismAI. 2017. URL: <https://journalismai.com/2017/02/22/future-ofaugmented-journalism-ap-2017/>(қарау күні: 30.01.2025).
5. Newman N. Journalism, Media, and Technology Trends and Predictions 2019. University of Oxford, 2019. 48 p.
6. Замков А. В., Крашенинникова М. А., Лукина М. М., Цынарёва Н. А. Роботизированная журналистика: от научного дискурса к журналистскому образованию // Медиаскоп. 2017. № 2.
7. Levy S. Can an Algorithm Write a Better News Story Than a Human Reporter? // Wired. 2012. URL: <https://www.wired.com/2012/04/can-an-algorithm-write-a-better-news-story-than-a-humanreporter/> (қарау күні: 30.01.2025).
8. Antheaume A. Are you fluent in AI? // NiemanLab. 2017. URL: <https://www.niemanlab.org/2017/12/are-you-fluent-in-ai/> (қарау күні: 30.01.2025).
9. Мирошниченко А. Искусственный интеллект для СМИ: страхи больше надежд // Журналист. 2017. URL: <https://jrnlst.ru/robots-threat>(қарау күні: 30.01.2025).
10. Иванов А. Д. Роботизированная журналистика и первые алгоритмы на службе редакций международных СМИ // Знак: проблемное поле медиаобразования. 2015. № 2 (16). С. 32–40.

Квант технологиялары дәуірінің артықшылықтары мен ғаламдық ақпарат интеграциясына және коммуникацияға ықпалы	68
Дастан Қастай, Кәкен Қамзин, Квант инновациясы: нежурналистика алаңындағы деректер ағынының гравитациялануы мен интерпретациялануы	71
Асылан Маханов, Медиакоммуникацияның цифрлық трансформациясы: жасанды интеллект рөлі	76
Шайын Шайыхмұрат, Редакциялау: кеше және бүгін.....	78
Ибрайымов Алмабек, Кәкен Қамзин, Жасанды интеллект (жи) және жалған ақпарат: оның мүмкіндіктері мен болашағы.....	83
Оңалбеков Ә.К., Юсупов Қ.Е., Білімнің әлеуметтік мәні	87
Айбала Қылышбай, Жасанды интеллект көмегімен ғылыми мәтіндерді редакциялау: артықшылықтары мен шектеулері.....	91
Өмірзақов Нұрлан, Қалиақпар Данара Қазақстан интернет медиасында американдық жасанды интеллект бағдарламаларын қолданудың артықшылықтары мен тәуекелдері.....	93
Мәулен Айдана, Медиаэффектілер	97
Назым Тұрмағанбетова, Баспа өнімдерін дамыту мақсатында жарнама қолдану ерекшеліктері мен тиімділігі	99
Сағынбай Сабина, Қазақ мәдениеті және оның графикалық дизайндағы визуалды коммуникацияларға ықпалы.....	103
Ақерке Еркімбек, «Сұхбат» жанрындағы манипуляция	107
Коянбекова С.Б., Карбозова Б.Д., Ахметова Э.Т., Пәнаралық оқыту моделі: өзгетілді аудиторияларға қазақ тілін оқыту парадигмалары.....	112
Аяулым Қорғанбай, Қазақ журналдарының дизайны: ХХІ ғасырдағы жаңа көркемдік бейнелеу практикалары контекстінде	120
Айнұр Қожахмет, Журналистік білім беру мен ғылымының сабақтастығы: жаңа ұстанымдар және өзекті зерттеулер	121
Гүлжан Ауганбаева, Дизайндағы инновациялық технологиялардың әсері мен әлеуеті	123
Айдана Шман, Подкастинг журналистиканың жаңа форматы ретінде зерттеу: білім беру және ғылыми-зерттеу перспективалары	126
Анэль Эльдос, Білім беру саласында интерактивті медиа өнімдер тиімділігін бағалау және әзірлеу.....	128
Амирова Дана, Медиазерттеу ерекшеліктері.....	132
Айжан Хасанова, Журналдағы визуалды коммуникация: графикалық дизайн принциптерін қолдану.....	134
Сағымбай Қозыбаев, Джамия Бертаева, Әлия-Тұмар Ерлан, «Визуальные тактики в современных казахстанских СМИ и их воздействие на освещение социальных проблем»	137
Гаухар Джайлаубаева,	

Ғылыми басылым

«Тұрақты даму мақсаттары аясындағы баспа ісі: редакциялаудың және дизайнның өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

Жалпы редакциясын басқарған: Қанат Әуесбай
Ғылыми редактор: Айгүл Рамазан
Құрастырған әрі жауапты редакторлар: Болатбек Төлепберген, Назерке Дәлелханқызы
Корректор: Анархан Қалибекқызы
Беттеуші: Махаббат Әлмұхаметова

Авторлық редакциямен жарыққа шықты

Басуға 2025 жылы қол қойылды. Пішімі 70x100 1/16 Көлемі 14,8 б.т. Офсетті қағаз.
Тапсырыс 35 дана

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі. 050040, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, №71. «Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.